



# ПРИОЗЕРСКИЙ

## Вестник

№ 09/705

05 марта 2021 года

газета издается с 26.06.2004 года

### 8 НАУРЫЗ – ӘЙЕЛДЕРДІҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КҮНІ 8 МАРТА – МЕЖДУНАРОДНЫЙ ЖЕНСКИЙ ДЕНЬ



#### Құрметті Ханымдар!

Сіздерді 8 Наурыз – халықаралық әйелдер күнімен шын жүректен құттықтаймыз!

Көктем мерекесі көңілдеріңізге қуаныш сыйлап, жүздеріңізге нұр шашсын. Әрқашан шаңырақтарыңызда береке болып, үйлеріңізден жылылық кетпесін. Сіздерге мына өмірге сән беріп, жылу таратып, мейірім төгіп, шуақ шашып тұрғандарыңыз үшін алғысымыз шексіз.

Баршаңызға зор денсаулық, мол бақыт, жанұялары-

ңызға береке - бірлік тілейміз!

Ізгі тілекпен,

Қала әкімі  
Мәслихат хатшысы

Қ.Камзин,  
Б.Сәрсембеков

#### Уважаемые Дамы!

От всей души поздравляем Вас с Между-народным женским днем - 8 Марта!

Пусть праздник весны подарит вам радость. Пусть в Вашем доме будет всегда тепло и уют. Благодарны Вам за то, что вы всегда заботитесь о жизни, дарите тепло, дарите добро и милосердие.

Желаем вам крепкого здоровья, счастья, семейного благополучия!

С наилучшими пожеланиями,

Акима города

К.Камзин,

Секретарь маслихата Б.Сәрсембеков



#### 8-наурыз – әйел-қыздар мерекесі

Жыл сайын міндетті түрде аталып өтілетін ең керемет мерекелердің бірі – аналарға, әйел-қыздарға, бір ауыз сөзбен айтқанда НӘЗІК ЖАНДЫ тұлғаларға арналған 8-наурыз мейрамы көктемнің алғашқы онкүндігіне тура келеді. Тарих парағын ақтаратын болсақ, 1857-жылдың 8-наурызынан бастап әлемдегі күллі еркектер бұл күні әйелдерге ерекше көңіл бөледі. Ежелгі Римдіктер көктемнің алғашқы айын әйелдер мейрамы деп таңдап алады. Бұл күні әйелдер қауымы сүйіктілерінен сыйлық алып, мәре-сәре болып жатады. Тіпті бұрынғы атам заманда да жарлы-күндер де назардан тыс қалмаған. Мереке күні әр жерде демалыс жарияланып келеді. Ежелгі дәуірде әйелдер барын киіп, мерекелік көңіл-күймен шіркеулерге барған.

Бүгінде біз бұл мерекені қалай бағалаймыз? Жалпыхалықтық сауалнама нәтижесіне көңіл бөлсек, таңдаушылардың 66 пайызы бұл – нәзік жандарға арналған мереке десе, 18 пайызы наурыз – көктемнің бастауы, 8 пайызы қосымша демалыс күні деп санайды екен. Кім қалай демесін, біздің елімізбен бірге өзіміз өмір сүріп жатқан Приозерск қаласының тұрғындары да бұл көнді ерекше ықыласпен күтіп алып, нәзік жанды тұлғаларды мерекелерімен арнайы құттықтап, оларға өз қалауларынша сыйлықтар жасайды және гүл шоқтарын ұсынып жатады.

### ӨМІРДІҢ ГҮЛІ – АНАЛАР!

«Бәрі де, Ана,  
Бір өзіңнен басталды.  
Сен деп жаздым алғаш өлең, дастанды.  
Қуанышым ба,  
Өзің бар деп қуандым.  
Жыладым ба,  
Өзің жоқ деп жас тамды.  
Бәрі де, Ана,  
Бір өзіңнен басталды», - деп Қадыр

Мырзалиев жырлағандай бұл өмірдің мәні де, сәні де аяулы аналарымыз. Сондықтан мейірім шуағын төккен абзал жандардың мерекесіне орай жүрекжарды сөздерімізді қаншалықты арнасақ та, аздық ететін шығар...

«Анасы бар адамдар ешқашан қартаймайды». Расында да, анамыз барда жасымыз жүздің асуынан асса да, өзімізді әрқашан бейкүнә сәбидей сезінеміз. Небары үш-ақ әріптен құралған сөзде қаншама мән-мағына жатыр. Түн ұйқысын төрт бөліп, қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқтырмай, әрдайым баласы үшін шыр-пыр болып жүретін анамыздың жұмақ иісі аңқыған, балдай тәтті ақ сүтінің алдында мәңгілік қарыздармыз. «Анаңды үш рет Меккеге арқалап апарсаңда ақ сүтін ақтай алмайсың» деген халық даналығы бұл сөзіміз айғағы болмақ. Ана жайлы ойыңды, ыстық лебіңді мен ақ тілегіңді айтып тауысу мүмкін емес. Әркімнің өз анасына деген құрметі, махаббаты шексіз. «Анаңның ақылы жүздеген ұстаз, мың сан мектептен

артық тәрбие», - деген ұлағатты сөз бекерден бекер айтылмаса керек. Себебі, қандай тәлім-тәрбие беріп, сені алтын мен аптап, күміспен күштеп қойса да, анаңның берген ақылы мен жылы алақанына ештеңе татымайды. Сондықтан, барлық адам баласы ана алдындағы перзенттік парызын өтеп, ақ сүтін ақтап, осы киелі жандардың бақытты болуын ойлау керек. Себебі, ең бақытты адам – анасы бар адамдар. Сондықтан да сіз амалдарыңыз жазылған жеке кітаптың авторысыз. Кітабыңыздың ұлы сот күні оқуға тұрарлық екеніне көз жеткізіп, ана – бақыт деген кітаптың бірінші парағы екенін ұмытпағайсыз. Себебі, Пайғамбарымыздың өзі, «бірінші ананды, екінші ананды, үшінші тағы да ананды сыйла», - деген екен.

Ана – отбасы ұйытқысы, берекесі, тірегі хәм жүрегі. Ананың балаға деген мейірімі шексіз. Күннің нұрындай төгіліп тұратын сол мейірімді, жылулықты, шапағатты бәріміз іздейміз, аңсаймыз... Бірақ таба алмаймыз! Себебі, бұл жалғанда дәл анамыз секілді ешбір адам бізге қамқорлық көрсете алмайды-ау. Оны мен түсіндірмесем де, Анадан туған әрбірі білетін шығар. Ана – өмір. Әрбір жанның кішкентай ғана жүрегін елжірететін, санасына сансыз ойлар ұялатағын, көздеріне күн нұрындай сәуле төгіп, езуіне жиылмас күлкі сыйлайтын «АНА» сөзінің мән-мағынасы зор. Бізге осынау жарық дүниені

сыйлап, түн ұйқысын төрт бөліп, көз ілместен баласын әлпештеп, әр басқан қадамын мұқият қадағалап, сүріне қалса лезде жанынан табылатын, жыласа жаны ауыратын, қуанса бақытқа кенелетін, ер жетіп, аяғынан тік тұрғанша күн демей, түн демей еңбектенетін аяулы да ардақты аналарымыз барлық сый-құрметке, ғаламдағы асыл қазыналардың ең құндысына әбден лайықты жандар. Ал біздің парызымыз ананың ақ сүтін ақтап, абыройын асқақтатып, еңбегінің жемісін көрсету, қартайған шағында әрдайым жанынан табылып, мейірімге бөлеу. Анамыз үшін қаншалықты жақсылық жасасақ та, бұл олардың бізге берген тәрбиесі мен жылулығымен салыстырғанда титімдей ғана, оның орнын ешқашан толтыра алмақ емес. Ана мен бала махаббаты мәңгі болмақ. Бұл жандар бірін-бірі сезеді, жүректері бірін-бірі жылытады, жұбатады. Анасы бар адам – әлемдегі ең бақытты адам.

Көктем айының ең алғашқы мерекесімен қаламыздағы асыл аналарды, ақылман әжелерді, қызғалдақ-қыздарды, көңілді келіншектерді шын жүректен құттықтаймыз. Зор денсаулық, ұзақ та мәнді ғұмыр, отбасылық бақыт, шат-шадыман көңіл тілейміз!

Ерлан БАКИРОВ,  
Приозерск қаласының  
архившісі.

### АНА ӨМІРДІҢ ШУАҒЫ

Әлемде әйелді ұлықтамайтын халық жоқ. Бұл мереке 1857 жылдың 8 наурызынан бастап тойланып келеді. Нәзіктік пен

мылтығы, қыраны мен мінез-құлқы мінсіз де, ақылды әйелі бар ердің ғана төрт құбыласы тең болады»-деп бекер айтпаған.

Кез келген ұрпақтың өмірдегі үлкен жолы ананың ақ тілегінен басталады. Ұрпақ бойындағы асыл қасиеттер алдымен ананың ақ сүтімен, мейіріммен, ұлттық тәрбиесімен дариды. Әйел-ұлт пен ұрпақтың бесігін тербетіп, тәрбиесін түзейді, тіліміз бен ділімізді санамызға сіңіреді.

2021 жылдың 4 наурыз күні «Приозерск қалалық кітапханасы» КММ-нің «Білім» орталығында көктемнің шуақты күнімен қатар келетін 8 наурыз Халықаралық әйелдер күніне орай «Ана-өмірдің шуағы» атты мерекелік кездесу кеші өтті. Кештің мақсаты: ананың еңбегін ақтауға, анаға деген сүйіспеншілікке, ананы құрмет-



әсемдік атаулыны бойына жинаған қыз-келіншектеріміз бен аяулы ана, ақ жаулықты әжелеріміздің құшақтарын гүлге, көңілдерін қуаныш нұрына бөлейтін ғажайып мерекесі осы. Бұрынғы данышпан билеріміз «Бұл дүниеде-жүйрік ті түзу

### АНАЛАРМЕН МАҚТАНҒЫН

Жүздерінде арайы бар ақ таңның,  
Балбөбекті аналардай баптар кім?  
Бұл өмірге адамзатты әкелген,  
Мақтансаңдар, Аналармен мақтанғын.

Ана деген – майыспайтын шынарсың,  
Бала жанын өзің ғана ұғарсың.  
Тірлігінде соған сыйла барыңды,  
Шын пейілден Ана жаны қуансын.

Дүниенің ашқан бізге есігін,  
Таңды атырып тербететін бесігін.  
Махаббаты бар ғаламға жететін,  
Ардақтайық аналардың есімін.

Бір басына жететұғын тірлігі,  
Шаңырақтың берекесі, бірлігі.  
Ана деген – қайыспайтын Аруана,  
Табиғаттың құпиялы бір гүлі.

Аналардың қуанышын шектеме,  
Жетер оның мейірімі көкке де.  
Өтелмейді АНАЛАРДЫҢ парызы,  
Үш апарып, әкелсек те Меккеге!

Көктем келсе құлпырады дала да,  
Ана-көктем: егіз ұғым санада.  
Екеуі де құдіретті ұлы күш,  
Қарыздармыз мәңгі-бақи Анаға!

Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ

теп, сыйлауға тәрбиелеу. Мерекелік кездесуге қаламыздың көпбалалы жас ана Соколова Татьяна Витальевна арнайы шақырылды. Іс-шараға №1 мектептің 9 сынып оқушылары және кітапхананың тұрақты оқырмандары қатысты. Оқушылар өлеңдер оқып, ән салып мерекелік кештің қызықты өтуіне ат салысты. Іс-шара барысында Т.Соколова кітапхана ұжымы мен оқушыларға алғыс сезімін білдіріп, алдағы уақыт-

та да осындай іс-шараға ат салысатынын айтты. Сондай-ақ «Ана-өмірдің шуағы» атты тақырыбындағы көрме оқырмандар назарына ұсынылды. Кеш соңында Т.Соколоваға сый-сияпат беріліп, оқушыларға кітапхананың іс-шараларына белсене қатысқаны үшін алғыс хатпен марапатталды.

«Приозерск қалалық кітапханасы» КММ



## ҚАЛА ТҮРҒЫНДАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА

# “ҚАЗАҚСТАННЫҢ 100 ЖАҢА ЕСІМІ-2021” ЖОБАСЫ БАСТАЛДЫ



Өтінімдерді қабылдау 2021 жылдың 22 ақпанынан 15 наурызына дейін [100janaesim.ruh.kz](http://100janaesim.ruh.kz) сайтында жүзеге асады.

«Қазақстанның 100 жаңа есімі» жобасы – Тәуелсіздік жылдарында табысқа жеткен, еліміздің әр өңірінде тұратын түрлі жастағы, сан алуан этнос өкілдерінің тарихы. Жоба 2017 жылы Елбасы Н. Назарбаевтың бастамасымен жарық көріп, биыл да жалғасын тапты.

«Биылғы байқау – ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығы аясында ұйымдастырылуда. Осы жылдар ішіндегі еліміздің табыстары – ел азаматтарының ерен еңбегінің жемісі. Жақсыдан үйрен деген халқымыз жас ұрпақты осындай адамдардан өнеге алуға тәрбиелеген», – деді ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрі Аида Балаева

Жобаға елде және елден тыс жерлерде тұратын қазақстандықтар қатыса алады. Қатысушылардың өтінімдері келесі 7 номинация бойынша іріктеледі: медицина, білім беру, ғылым және инновация, экология, мәдениет және спорт, бизнес,

қоғам.

Қатысу үшін үміткерлер [100janaesim.ruh.kz](http://100janaesim.ruh.kz) сайтындағы сауалнаманы толтыру қажет. Жоба шарттарына сәйкес қатысушы сенімді ақпарат беруге міндеттенеді. Жалған ақпарат ұсыну, онлайн дауыс беру кезінде фальсификацияға жүгіну сынды немесе өзге де құқық бұзушылық актілері анықталса, ұйымдастырушылар қатысушыны жобадан шығарып жіберуге құқылы.

Барлық өтінімдер модерациядан өтеді, кейін сайтта жарияланады. Өтінімдерді қабылдау мерзімі аяқталғаннан кейін бүкілхалықтық онлайн дауыс беру басталады. Сондай-ақ, өтінімдердің белгілі бір бөлігі танымал қоғам және мәдениет қайраткерлері, спорт, бизнес өкілдерінен тұратын қазылар алқасының қарауына ұсынылады. Оған қоса осы жылдан бастап өткен маусымдардың жеңімпаздары қазылар алқасының құрамына енеді.

Дауыс беру кезінде ең көп ұпай жинаған және қазылар алқасының таңдауына ілінген қатысушылар ағымдағы жылдың сәуір айында жоба жеңімпаздары болып атанады.

Алдағы бірер айда біз Отанымыздың халық ризашылығына лайықты және Егемен еліміздің жаңа келбеті атанатын есімдермен таныс боламыз.

**«Приозерск қаласының ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі»**  
ММ

Дерек-көз:  
<https://100janaesim.ruh.kz/>

## К СВЕДЕНИЮ ЖИТЕЛЕЙ ГОРОДА

# ДАН СТАРТ ПРОЕКТУ “100 НОВЫХ ЛИЦ КАЗАХСТАНА”

Министерство информации и общественного развития Республики Казахстан объявляет о начале приема заявок в проект «100 новых лиц Казахстана - 2021». Прием заявок состоится с 22 февраля до 15 марта 2021 года на сайте [100janaesim.ruh.kz](http://100janaesim.ruh.kz).

Проект «100 новых лиц Казахстана» – это истории конкретных людей из разных регионов, разных возрастов и национальностей, которые добились успеха за стремительные годы Независимости. Инициатором проекта в 2017 году стал Елбасы Н. Назарбаев и в этом году проект получит продолжение, мы узнаем новые имена нашей Родины, достойные внимания.

Как отметила Министр информации и общественного развития Аида Балаева: «В этом году проект проходит под эгидой 30-летия Независимости, и народ по достоинству должен оценить труд участников, многие из которых сложились как личности уже в независимом Казахстане».

Принять участие в проекте могут казахстанцы, проживающие как в стране, так и за ее пределами. Прием заявок участников проходит по 7 номинациям: медицина, образование, наука и инновации, экология, культура и спорт, бизнес, общество. Для участия претендентам необходимо заполнить анкету на сайте [100janaesim.ruh.kz](http://100janaesim.ruh.kz). Участник обязуется предоставить достоверную информацию. В случае выявления правонарушений либо иных фальсификаций, в том числе и накрутки голосов во время онлайн-голосования, организаторы оставляют за собой право исключить участника из проекта.



Все заявки проходят модерацию, затем публикуются на сайте. После окончания приема заявок стартует общенациональное онлайн-голосование. Часть победителей будет отобрана членами жюри, состоящим из видных общественных деятелей, представителей культуры, спорта и предпринимателей. В этом году среди членов жюри также победители проекта прошлых лет, добившиеся значительных успехов.

Победителями проекта станут участники, набравшие наибольшее количество баллов во время голосования и отобранные авторитетным жюри. Уже в апреле мы узнаем имена победителей проекта, которые станут новыми лицами страны.

Отдел внутренней политики, культуры и развития языков города Приозерск

Источники:  
<https://100janaesim.ruh.kz/>

## ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ҚОҒАМДАҒЫ ӘЙЕЛ РӨЛІ МЕН КЕЛБЕТІ

Қазақ дүниетанымындағы анаға, қызға құрмет

Әйел тақырыбы бүгінде көпқырлы сипатта талдануда, алайда, олардың барлығында қамтылатын ортақ мәселелер бар. Олар келесідей: әйелдің қоғамдағы орны мен рөлі, қоғамдық және саяси құқықтары, оның қызмет ету еркіндігі, әйелдің отбасындағы орны. Әлем елдерінде тарихтың түрлі кезеңдерінде әйелге деген қатынас ерекше болғаны белгілі.

Әйел-ана – ұлт, әлем болашағының кепілі екендігі даусыз, түрлі тарихи кезеңдерде, түрлі қоғамдарда әйел баласының ерекше орнын әлемдік және ұлттық діндердің аса қадірлеп, биіктеткені шындық.

Дәстүрлі қазақ қоғамындағы әйел мәртебесінің биіктігі ең алдымен – әйелдердің құрметтелуінен, екіншіден – құқық берілуінен, үшіншіден қорғалуынан танылады.

Анаға құрмет, жарға жанашырлық, қызға қамқорлық – иманға ұйыған ұлттымыздың басты ұстанымдарының бірі болды. Өз болмысына даналық мінез бен ізгі қасиеттерді жия білуі қазақ әйелін құрметті етті. Ол құрметке лайық болды және құрметтелді де.

Атамыз қазақ ел басына күн туса, ер азаматтармен бірдей атқа қонған, бейбіт күнде білігі асса – билікке, өнері асса бәйгеге ерлермен бірдей таласқан әйелдеріне құқық атаулыдан тыйым салып көрген жоқ. Одан дәстүрлі қазақ қоғамы ұтпаса, ұтылмағаны тарихымыздан белгілі. Соның нәтижесінде қазақ халқы үлгілі ұлт болды. Қазақ әйелі азамат әйел болды. Өйткені нағыз азаматты сол тәрбиеледі. Бір қолымен бесікті, екінші қолымен әлемді тербететінін сезініп, елдік пен имандылықты ана сүтімен перзентіне сіңіре білді. Ел болып еңсе көтергелі ұлтына үлгі ғана емес, ұран болған аналар легі азайған жоқ. Сондықтан да ұлт болып ұйысқаны үшін қазақ ұлдарына қандай қарыздар болса, қыздарына да сондай қарыздар.

Кешегі қазақ жұртының қалыптасқан құндылықтары қыз баланың, әйел-ананың ешбір жағдайда қорғансыз қалмауын қамтамасыз етті. Туыстық қатынастар терең дамыған халқымызда әйел баласы жалғыз қалып көрген жоқ. «Қыз ағасыз, тон жағасыз болмайды», «Қалыңсыз қыз болса да, кәдесіз қыз болмайды» деген мақалдардың өзі қыз баланың қашанда қорғансыз, жоқтау-сұраусыз болып көрмегенін білдіреді.

Ал асыраушысы жоқ отбасына келсек, «Жесір ерден кетсе де елден кетпейді», «Жетім көрсең, жебей жүр», «Аға өлсе, ініге мұра», «Елде болса, ерінге тиеді» деп мақалдап, әрбір адамгершілік, туыстық қаты-



насты өз орнына қойған кешегі қазақ қоғамы жетім мен жесірді қорғансыз қалдырмаудың қамын ойлап, тұтастай бір қамқорлық институтын қалыптастырған болатын. Астан – сыбаға, малдан – сойыс, егіннен кеусен беріп, кез келген жағдайда асыраушысы жоқ отбасына көмек көрсету бір рулы ел үшін айнымас дәстүр болған.

Қазақ тарихындағы әйелдердің орны ерекше, ал қазақ әдеби мұраларында жүздеген тамаша әйел бейнелері сомдалған. Ұлттың материалдық мәдениетінің елеулі бөлігі әйел-аналардың қолымен жасалды. Қазақтың жерсу, ру-тайпа атауларының көпшілігі әйелдер атымен байланысты. Қадір-қасиеті ерге бергісіз қазақ әйелдерінен шешен де, батыр да, көсем де шықты.

Мын жылдық мұсылмандық тәжірибесі бар қазақ халқы өзінің ұлттық дәстүрлері мен ислам дінінің қастерлі қағидаларын ұштастыра отырып, әйел затына деген қалтқысыз құрмет үрдісін қалыптастырды. Қазақ әйелдері қашанда еркіндігімен және ерік-жігерінің мықтылығымен ерекшеленді. Атасы өсиетті, анасы қасиетті қазақ қызы текті тәрбиенің тамаша мектебінен өтті. «Қыз өссе – елдің көркі» деп, гүлдей аялап өсірген қыздарына халқымыз қырық үйден тыйым да сала білді. Соның нәтижесінде кара ормандай қазақты ұыздай ұйы-

тып, ұрпағына ұран болған ұлт аналарын тәрбиелеп шығарды.

### Қазіргі қоғамдағы әйел рөлі

Қазіргі қоғамның жақсаруы мен ілгерілеуіне саясаткер – әйел, іскер – әйел және әйел ұйымдарының қосқан үлесі ерекше.



Сәйкесінше, қазақ қоғамында әйелдерге қатысты қалыптасқан құрметтеу, құқық беру және қорғау секілді тұғырлы ұстанымдар бүгінгі таңда зайырлы қоғам құндылықтарына сәйкес жаңғыртылуы тиіс.

Өркениет негізі – тұрақтылық. Көшпенділер өркениетінің өркендеуінің негізі де оның ғасырлар бойы тұрақты түрде дамығандығында еді. «Елу жылда – ел жаңа, жүз жылда – қазан» дегендей, ел жанарды, дәстүрлі құндылықтар көнерді, кейбірі қолданыстан шығып қалды.

Қазіргі қазақ әйелі дәстүрлі құндылықтарға адалдық танытуда. Ол өзінің елеусіз жүріп, ел басқара білген парасатты болмысын дамытуда. Қазақ әйелі қоғам өміріне бұрынғыдан да белсендірек араласуда, бірақ қазіргі қоғамның тұрмыс жағдайлары дәстүрлі қазақ қоғамынан өзгеше екені баршаға белгілі.

«Қазақ қызына анықтама беріңіз» деген сауалға респонденттердің басым бөлігі «білімді» деп жауап берген. «Тұрмысқа қай кезде шығуды қалайсыз?» деген сауалға қыздардың барлығы дерлік «Жоғары білім алғаннан кейін» деп жауап беруді жөн көріпті. «Нағыз қазақ қызы ретінде кімдерді атай аласыз?» деген сауалға қыздардың басым бөлігінің Әлия мен Мәншүкті, Ұлпан мен Зерені атауы еріксіз сүйіндіреді.

### Әйел және қоғам

Бұл қазақ қыздары ардақ тұтар тұлғалардың ақылына көркі сай, ерлігіне парасаты жарасқан, ел билеп, ұлтына ұйытқы болған аяулы аналар болып отырғанын айғақтайды.

Ал ең басты назар аударарлығы: «Ел басына күн туса, қолға қару алар ма едіңіз?» деген сауалға қыздардың 92,7 пайызы: «Иә, елді қорғау біздің де борышымыз» деп жауап берген. Осы орайда қазақтың «Әйелдің жақсысы еркектің жақсысынан да жақсы, еркектің жаманы әйелдің жаманынан да жаман» деген нақылы еріксіз еске түседі. Артық жаралған адам әлемде жоқ, ал «әр қазақ – менің жалғызым» болып отырған біздің жағдайымызда, әйел-ер демеі, ешқайсымыздың жаман болуға хақымыз жоқ.

Ғасырлар сынынан өтіп, сұрыпталып жеткен, шынайы адамгершілік пен иманға негізделген ұлттық құндылықтар құнын жоймайды әрі өміршең келеді. Дәстүрлі қазақ қоғамындағы әйел мәртебесіне қатысты біз дәл осылай пайымдай аламыз.

Ұлттың бойындағы бар жақсы қасиеттерді – тілін, дінін, әдет-ғұрпын, салт-санасын, дәстүрін баласына, немересіне, немересінен шөбересіне жеткізуші, жалғастырушы, дамытушы әрине, әйел-ана. Кешегі қазақ әйелі, дәстүрлі мәдениеттің бесігінде тербеліп, қайнарынан қанып ішкен қазақ әйелі мұның бәрін білген. Білген де, қоғамдағы өз орнын жазбай танып, әйелдіктен – даналыққа, отбасы, ошақ қасы тірлігінен – рулы елді қамын жейтін Ел анасы деңгейіне көтеріле білген. Кешегі өткен Домалақ, Қарқабат, Абақ, Шашты, Ұлпан және біз білмейтін тағы қанша аналарымыз соның айқын дәлелі.

Ата-бабаларымызды сан ғасырлар бойы адамгершілік пен ізгілікке тәрбиелеп келген қазақтың ұлттық дәстүрлері келер ұрпақ үшін де мың жылға жетерлік рухани азық болмақ. Бірақ күн санап жоғалта-рымыз көбеймесін десек, сол рухани бұлақтың бітелуге айналған бастау көзі бүгіннен бастап аршылуға тиіс. Бұл орайда «Ұлтыңды тәрбиелеймін десен, қызыңды тәрбиеле!» деген ұлттық ұстанымымызды ұлықтау өз нәтижесін берері анық.

Д.С. Қожахметов.,  
«Қазақстан мұсылмандар діни басқармасы» республикалық ислам діни бірлестігінің филиалы  
«Приозерск» мешітінің бас имамы

Ел тарихының арыжамас бөлігі

Бала тәрбиесі – баршаға ортақ!

## АЗАМАТТЫҚ ХАЛ АКТІЛЕРІН ТІРКЕУ ОРГАНДАРЫНА 100 ЖЫЛ

Биыл Қазақстан Республикасының азаматтық хал актілер тіркеу (АХАТ) органдарына 100 жыл толып отыр.

Тарихқа жүгінсек, 1921 жылы 5 наурызда Қазақ ҚСР Халық Комиссарлары Кеңесі азаматтық хал актілер жазу органдарын құрды. Азаматтардың хал актілерін тіркеу органының құрылғандағы басты мақсаты адамдарды мемлекеттік тізімге алып отыру болды. Бірақ бұл бұған дейін тіркеу болмады дегенді білдірмейді. Себебі, тарихтан белгілі, өткен ғасырдың 20-жылдарына дейін азаматтардың хал актілерін тіркеу ісімен мешіттер мен шіркеулер айналысқан. Ал 1935-1959 жылдар аралығында барлық деңгейдегі АХАТ



мақсаттарын, міндеттерін, қағидаттарын және құқықтық негіздерін айқындайды, отбасының дамуын Қазақстан Республикасының мемлекеттік әлеуметтік саясатының басым бағыты ретінде айқындай отырып, оның құқықтары мен мүдделерін қорғауды қамтамасыз етеді.

Қазақстан Республикасының «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Кодексіне 2019 жылы 25 қараша айында өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Өзгерістердің басты мақсаты - азаматтық хал актілерін тіркеу тәртібін жеңілдету, артық құжаттарды талап етуді алып тастау, мемлекеттік қызметтер көрсету мерзімін айтарлықтай қысқарту, балалардың құқықтары мен мүдделерін қорғау.

АХАТ қызметі дегенде көпшіліктің көз алдына тек әдемі көріністер: той, шампан шарабы, гүлдер және Мендельсон маршы елестейді. Ал шын мәнісінде, жауапкершілігі жоғары, күнделікті қарбаласы көп жұмыстары осы әдемі көріністердің тасасында қалып жатады.

АХАТ органдарында қазіргі таңда туу, қайтыс болу, неке кию, некені бұзу, атын, әкесінің атын және тегін өзгерту азаматтық хал актілері тіркелуге жатады. АХАТ органдары осы негізгі жұмыстарымен қатар, азаматтық хал актілері жазбаларына өзгерістер, толықтырулар мен түзетулер енгізеді және оларды қалпына келтіру мен жою жұмыстарымен айналысады.

Азаматтық хал актілер тіркеуде заңдылықты сақтау, азаматтардың Конституция кепілдік берген құқығын сақтау және мемлекет мүддесін қорғау - АХАТ органының міндеті. Осы міндеттерді әр жылдарда абыроймен атқарып келе жатқан Приозерск қаласы әкімі аппаратының АХАТ бөлімінің жұмысын басқарған, халық игіліне еңбек етіп жүрген Базаргүл Қалдыбайқызы Малаеваны атап өту керек. Еліміздегі пандемия кезінде халыққа қалтқысыз қызмет етіп, «Адал көмек» аясында онлайн режимінде мемлекеттік қызметтерді алу бойынша түсіндірме жұмыстарын ұйымдастырып, қажетті кеңестер беріп отыр.

Бұл салада қызмет еткен жылдардағы жетістіктері:

-Қаланың қоғамдық-саяси өміріне белсенді қатысқаны, жаңа қазақстандық қоғам құру ісіндегі жеке еңбек және шығармашылық үлестері үшін қала әкімінің құрмет грамотасымен,

-Жаңа қазақстандық қоғам құру ісіндегі табысты еңбегіміз және облыстық қоғамдық-саяси өміріне белсенді қатысқаны үшін облыс әкімінің алғыс хатымен марапатталған.

Сондай-ақ, келісім-шарт арқылы 2017 жылдан бастап жұмыс жасап, халыққа мемлекеттік қызмет көрсетуде бөлім қызметкері Майя Қайратқызы Исакова да өз үлесін қосып келеді.

Азаматтық хал актілерін жазу бөліміне зор үлес қосқан, ұзақ жыл еңбек етіп, қазіргі уақытта зейнеткерлік демалыстағы ардагеріміз Бахытгүл Балтабекқызы Магзымоваға алғыс айтқымыз келеді.

АХАТ бөлімінің қызметкерлерін Мерекемен құттықтап, оларға зор денсаулық, отбастарына бақыт және атқарып жатқан қиындығы мен қызығы мол еңбектеріне творчестволық табыс, абырой тілейміз!

**А. Исатаев,**  
Приозерск қаласы әкімі аппаратының басшысы, әдеп жөніндегі өкілі



бөлімдері Ұлттық ішкі істер комитетіне (НКВД) бағынышты орган болды. Алпыншы жылдары АХАТ органдары жергілікті атқарушы органдардың құзырына берілді. 1996 жылдан бастап АХАТ қызметі Әділет министрлігіне қарады.

Қазақстан Республикасының Президентінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару деңгейлері арасында өкілеттердің аражігін ажырату жөніндегі шаралар туралы» 2014 жылғы № 898 Жарлығына сәйкес АХАТ саласы жергілікті атқару органдарға қайта берілді.

Адам баласы дүниеге келген сәттен бастап өмір жолын АХАТ органдарынан бастайды. Сондай-ақ, некеге тұруы, балаларының дүниеге келуі, тіпті өмірдің ақырғы сәті де қайтыс болу туралы акт жазбасымен АХАТ органдарында тіркеледі. Жылдар өтіп, сан алуан тағдыр өткенімен, адамдардың өмір деректері осы мекемеде сақталады. Бұл АХАТ органының адам өмірінде қаншалықты үлкен рөл атқаратынын айғағы!

Алғаш ірге көтеріп, қаз тұра бастағаннан, Еліміздің тәуелсіздік туын көтерген бүгінгі күнімізге дейін өркениетті құқықтық мемлекетке жүктелетін міндетті АХАТ органдары абыроймен атқарып келеді. Сондықтан, АХАТ органдарының 100 жылдық тарихы халық тарихының ажырамас бөлігі.

Азаматтарға ғасыр бойына қызмет көрсетіп келе жатқан органда талай өзгерістер мен жаңалықтар болды. 1998 жылы желтоқсан айында қоғамдағы отбасылық қатынастары нақтылайтын, халықаралық талаптарға сай Қазақстан Республикасының «Неке және Отбасы туралы» жаңа Заң қабылданды.

Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 26 желтоқсанда «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Кодексі қабылданды. Кодекс неке-отбасы (ерлі-зайыптылық-отбасы) қатынастарын реттеудің

## ЗАҢДЫ БІЛУ - ЗАМАН ТАЛАБЫ

Жастар тәрбиесі қай кезеңде де отбасы және білім ордасы мектеппен тығыз байланысты. Жұмысшының адал жемісі - алдына келген көмекке мұқтаж және дәріс алған оқушының дұрыс тәрбиеленуімен, білім алуымен қатар азаматтық, адамгершілік тәрбиенің бір саласы – құқықтық тәрбиені қоса игеру болып саналады. Осы мақсатта Қарағанды облысы білім басқармасының ұйымдастыруымен ақпанның 8-13 аралығында «Құқықтық сауаттылық» апталығы болып өтті. Әрине, біздің мектебіміз де бұл іс – шарада сыртта қалмай белсене ат салысты. Мектебіміздің тарих және құқық пәні мұғалімдері іс шараны жоғары деңгейде өткіздік.



Апталықтың бірінші күні 1-5 сынып оқушыларының арасында «Әлем балалар көзімен» атты суреттер көрмесімен ашылды. Апталықтың екінші күні 9 «Г» сыныптар арасында тарих мұғалімі Мария Давлятьярованың ұйымдастыруымен «Менің құқықтарым мен міндеттерім» тақырыбы аясында дөңгелек үстел өткізілді. Іс-шараның мақсаты оқушылардың құқықтық сауаттылығын арттыру, Ата Заңымызға деген сүйіспеншілік сезімін қалыптастыру, шыншыл да, әділетті және парасатты тұлғаны қалыптастыру болатын. Дөңгелек үстел барысында оқушылар жағдаяттардың шешімін тауып, көкейде жүрген сұрақтарына жауап алды. Апталықтың үшінші күні тарихы пәнінің мұғалімі Бахытжан Исаков ЗOOM платформасы арқылы «Я и Закон» тақырыбында 8 сыныптар арасында викторина өткізді. 5 «В» сыныптармен «Өз құқығыңды білесің бе?» атты тәрбие сағат өткізілді. Оның мақсаты оқушыларды Қазақстан Республикасы Конституциясының баптарымен таныстыру, адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясының баптары жайлы ақпарат беру болатын. Төртінші күні Тамара Кенджебаева 9 сыныптар арасында

ZOOM платформасы арқылы «Қазіргі заманғы жастарға патриотизм тән бе?» тақырыбында дебат сайысын өткізді. Бұл іс-шараның мақсаты оқушылардың еліміздегі патриоттық бағытта жүзеге асырылып жатырған игі істері мен айтулы шаралар, бағыттары туралы түсініктерін кеңейту болды. Екі жақты позицияда оқушылардың сөз



жарасымдарын қатыстыру барысында оларды объективтілік, пікір алуындағы елжандылық принципшілдік қасиеттерге тәрбиелеу. Оқушылар Карл Поппер форматы бойынша жақтаушы және даттаушы жаққа бөлінді. Исаков Б.А 9 А сыныбымен «Подросток в современном мире» атты дөңгелек үстел өткізді. Онда оқушылар өз ойларын ашық айтып, пікір талас өткізді.

Апталықтың бесінші күні мектебіміздің мұғалімі Мария Давлятьярова ата – аналармен «Ата-аналардың балалары алдындағы және балалардың ата-аналары алдындағы құқықтары мен міндеттері» тақырыбында ZOOM платформасымен кездесу өткізді. Кездесу барысында ата-аналармен баланың бойына патриоттық сезімді күшейту және өз құқықтары туралы ой бөлісті.

Сонымен, қорыта айтқанда, апталық барысында оқушылар өз құқықтары мен міндеттері туралы толық ақпарат алды. Оқушыларды ХХІ ғасырдың лайықты азаматы етіп қалыптастыру ұстаздар мен ата-аналардан сындарлы жауапкершілікті талап етеді. Басты мақсат - еліміздің өркендеуіне сай, заман талабына жауап беретін рухани адамгершілік қасиеттерін қалыптастырған, қоғамдық өмірге икемделген, білім мен өмір заңдылықтарын түсінетін, қоғам мен мемлекет және отбасы алдындағы жауапкершілігін сезінетін, салауатты өмір салтын саналы түрде тандаған өркениетті елдің азаматын тәрбиелеу.

**М.Б.Давлятьярова**  
№ 2 ЖОББМ мұғалімі

...Өз тіліңді құрметте!

## ҮШ ТІЛДІ БІЛІМ БЕРУ – БОЛАШАҚТЫҢ КЕШЛІ

Қазіргі жаһанданған, ақпараттың дамыған ғасырында болып жатқан түрлі өзгерістер мен жаңашылдықтар еліміздің білім беру жүйесінде өзінің тың жаңашылдықтарын енгізіп отыр. Осының өзі үлкен көлемде адамдардың практикалық және кәсіби тұрғыда көп тілді Қазіргі таңда өзара байланысы мен өзара тәуелділігі басым әлемде жас ұрпақты бәсекелестікке дайындаудың бірден бір жолы үш тілде білім және тәрбиелеу болып табылады. менгеру қажеттілігін тудыруда. Қазақ, орыс, ағылшын тілдерін менгеру адамның жеке және кәсіби қызметінің қазіргі қоғамның ажырамас компоненті болып отыр.

Әлемдік білім беру және білім алу кеңістігінде бәсекеге барынша қабілетті кірігудің тиімді жолдарының бірі – әрбір қазақстандық кемінде 3-4 тіл білуі екені даусыз ақиқат. Қазақстан – көп этносты мемлекет. Әрбір ұлт өкілдері өз тілдерін, салт-дәстүрін сақтап қалуы үшін барлық жағдай жасалуда.

Қазақстандағы қазіргі білім берудің маңызды бөлігі – осы үштілділік тілде білім беру. Осы «Үштілділік» бағдарламасының негізінде қазақ тілі, орыс тілі, ағылшын тілдерін менгеру көзделуде.

Үш тілді білім беру – тұлғаны қалыптастырудың негізі. Қазіргі кезде қоғамдық қатынас жағдайында тұлғаның қалыптасу деңгейі көбінесе адамның өзін – өзі жүзеге асыра алуына, бәсекеге қабілеттілігіне және әлеуметтік ұтқырлығына тікелей

байланысты. Қазіргі оқу үрдісінде пәндердің мазмұнын кірістіру өзектілігін одан әрі арттырып, осы үрдісті ақпараттық оқыту құралдарымен пән мазмұнына сай жасақталу мәселені шешумен ұштастыру керек етіп отыр.

Көптілді оқыту – жас ұрпақтың білім кеңістігінде еркін самғауына жол ашатын, әлемдік ғылым құпияларына үңіліп, өз қабілетін танытуына мүмкіншілік беретін бүгінгі күннің ең басты қажеттілігі. Үш тілде оқыту – заман талабы. Негізгі мақсаты: бірнеше тілді меңгерген, әлеуметтік және кәсіптік анықтауға қабілетті мәдениетті тұлғаны дамыту және қалыптастыру болып табылады.

Бүгінде еліміз жаңа ғасырдың табалдырығын аттап, дамыған елу елдің қатарына қосылуға бет бұрғандықтан, еліміздің білім беру жүйесі де әлемдік білім талаптарына сәйкес болуы тиіс.

Қорыта келгенде, Қазақстанның тілдер саясатындағы басты бағыт – тілдердің ұштұғырлылығы. Алайда, Қазақстан жерінде тұратын азаматтардың басын біріктіретін тіл ретінде қазақ тілі көш бастауы керек.

Ол – тәуелсіз ұлттың мәдениеті мен салт-санасының, рухани болмысының тірегі болып табылады.

**Айтбенбетов О.О.**  
Қарағанды облысы білім басқармасының Приозерск қаласы білім бөлімінің №1 жалпы білім беретін мектебінің КММ-нің орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

Арада махаббат оты бар неке ғана бақытқа кенелтеді.

Лев Толстой



## ҚАЛА ТҮРҒЫНДАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА

## МҮМКІНДІГІ ШЕКТЕУЛІ ЖАНДАРДЫ ЖҰМЫСҚА ОРНАЛАСТЫРУ ТУРАЛЫ

Тәуелсіздікке қол жеткізген мерейтойлы отыз жыл ішінде мемлекет мүмкіндіктері шектеулі азаматтарға қатысты жаңа саясат қалыптастырды және мүдделердің әлеуметтік қолдауын күшейту, оларды оналту, қоғамға біріктіру үшін қолайлы жағдайлар жасау, өмір сүру сапасын жақсарту бойынша үлкен жұмыстар жүргізіліп келеді.

Соның ішінде, «Жұмыспен қамтудың жол картасы-2020» бағдарламасы аясында да мүмкіндігі шектеулі жандарды жұмыспен қамту қарастырылған. Мүдделерді әлеуметтік қорғау және оларды оналту жұмыстары «Қазақстан Республикасындағы мүмкіндіктері шектеулі азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы» Заңының аясында жүзеге асырылады.

«Нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021-жылдарға арналған бағдарламасы» аясында мүмкіндігі шектеулі тұрғындардың да жұмыспен қамтылуы назарда. Бүгінгі таңда бағдарлама негізінде өңірлерде бұл игі іс жүйелі жүзеге асып отыр. Сол арқылы көпшілік жарым жандар өздерінің қоғамға қажеттігін және бір сезінсе керек. Олардың қоғамнан

тыс қалмауы қатаң қадағаланады. Кәсіби оналту мүмкіндігі шектеулі жандарды қолдаудың негізгі бағыттарының бірі, сонымен қатар, әлеуметтік қорғау саласындағы мемлекеттік саясаттың маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Мүдделері бар жандарға лайықты жұмысқа орналасу мүмкіндігі берілуі тиіс. Бұл олардың әлеуметтік интеграциясына, материалдық тәуелсіздікке қол жеткізуіне және өмір сүру сапасын арттыруға септігін тигізеді.

Аталған маңызды мәселеге біздің «Приозерск қаласы әкімдігінің жұмыспен қамту орталығы» коммуналдық мемлекеттік орталығы да баса назар аударуда. Атап айтқанда, ағымдағы жылы 9 мүмкіндігі шектеулі азамат біздің орталыққа өтініш білдірді. Олардың арасынан 4 адам қоғамдық жұмыстарға жолданып, 1 адам тұрақты жұмысқа орналастырылды. Қалған 4 адам бойынша жұмысқа орналастыру жұмыстары жүйелі түрде жүргізілуде. Мүмкіндігі шектеулі жандар ешқашан біздің назарымыздан және қоғамнан тыс қалмақ емес.

Рахима АХМЕТОВА,  
Приозерск қаласының жұмыспен қамту орталығының директоры

**АРМЕНИЯ РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ УӘКІЛЕТТІ ОРГАНДАРЫНДА ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АЗАМАТТАРЫНА ТІРКЕЛГЕН ЖӘНЕ 2020 ЖЫЛҒЫ 1 АҚПАҢҒА ДЕЙІН ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНА ӘКЕЛІНГЕН КӨЛІК ҚҰРАЛДАРЫН ТІРКЕУ БОЙЫНША ЖАДЫНАМА**

Армения Республикасының уәкілетті органдарында Қазақстан Республикасының азаматтарына тіркелген және 2020 жылғы 1 ақпанға дейін Қазақстан Республикасына әкелінген басқару органдары оң жақтан сол жақтан ауыстырылған (бұдан әрі – басқару органдарын ауыстыру) көлік құралдарын мемлекеттік тіркеуді, техникалық байқау нысанында пайдаланудағы көлік құралдарына қойылатын талаптардың орындалуын кейінгі тексерумен жүргізу қажет. Осы мақсатта Қазақстан Республикасының сауда және интеграция министрлігі ҚР СТ 1418-2018 ұлттық стандартына түзетулер енгізді.

Көлік иесі техникалық байқаудан өту кезінде көлік құралы құрылымының қауіпсіздігін тексеру хаттамасын аккредиттелген сынақ зертханалары бере отырып, басқару органдарын жүргізілген көшіру бөлігінде ғана көлік құралының қауіпсіздігін бағалау рәсімінен өте алады. Осылайша, автомобильді тіркеу кезінде ҚҚҚҚҚ ұсыну қажеттілігі алынып тасталады.

Көлік құралының құрылымының қауіпсіздігін сәтті тексеру үшін:

- басқару органдарының сол жақ орналасуымен ұқсас көлік құралын дайындаушы көздеген тежегіш жүйесінің, менгерік басқарудың тораптары мен бөлшектерін олардың құрылымын өзгертпей (зауытта дайындалған) қолдану;

- бортық диагностика жүйесінің жұмыс істеуін қамтамасыз ету (диагностикалық сканерді автомобильдегі тиісті коннекторға қосу мүмкіндігі) және автомобиль қауіпсіздігі жүйелеріндегі ақаулар туралы куәландыратын қателердің болмауы;

- тежегіш жүйесінің тораптары мен бөлшектерін (тежегіш басқышын вакуумдық күшейткішпен, басты тежегіш цилиндрімен байланыстыратын басқыш торап және тораптар) және менгерікпен басқаруды (жетек бөлшектерінде дәнекерлеу іздері, менгерікпен басқаруды бөлшектері құрылымының және олардың бекітілуі) қолдан жасалған өзгерістерге жол бермеу;

- шанақ қаңқасының бүтіндігінің бұзылуына жол бермеу (мотор қалқаны, менгерік бағанды бекітуге арналған көлденең арқалық және т. б.);

- жүргізуші орындығының, оның реттеулерінің, сондай-ақ қауіпсіздік белдіктері мен олардың бекітпелерінің басқару органдарының сол жақ орналасуымен ұқсас автомобильге сәйкестігін қамтамасыз ету;

- жел әйнегі тазалау аймағында көрінуді қамтамасыз ету үшін басқару органдары сол жақта орналасқан автомобильдегі ұқсас шыны тазалағыш торабын (мотор редукторы, рычаг жүйесі бар трапеция) ауыстыруды және жұмыс істеуін қамтамасыз ету;

- басқару органдарының сол жақ орналасуымен ұқсас-автомобиль үшін көзделген сәйкес жүргізушінің артқы көрініс айналарының қалпын және әйнек көтергіштерін басқаруға қол жеткізуін қамтамасыз ету;

- жылыту, желдету және ауа баптау жүйелерінің жұмыс істеуін қамтамасыз ету;

- оң жақ қозғалыс жағдайлары үшін жақын жарық фараларын ауыстыруды және оларды реттеуді қамтамасыз ету қажет.

Қазіргі уақытта Аккредиттеу субъектілерінің ұлттық тізілімінде 1418-2018 ҚР СТ талаптарына сәйкес басқару органдары оңнан солға ауыстырылған автомобильдерге техникалық сараптама жүргізуге аккредиттелген сынақ зертханалары тіркелген:

1. «Ұлттық сараптама және сертификаттау орталығы» АҚ Қостанай филиалы (Қостанай қ.).
2. «Ғылыми-Зерттеу Орталығы Алматы-Стандарт» ЖШС (Алматы қ.).
3. «Ұлттық сараптама және сертификаттау орталығы» АҚ Солтүстік Қазақстан филиалы (Петропавл қ.).
4. «Ұлттық сараптама және сертификаттау орталығы» АҚ Батыс Қазақстан фил-ы (Орал қ.).
5. «Ұлттық сараптама және сертификаттау орталығы» АҚ Атырау филиалы (Атырау қ.).
6. «Ұлттық сараптама және сертификаттау орталығы» АҚ Ақтөбе филиалы (Ақтөбе қ.).

Басқару органдары оң жақта орналасқан автомобильдерді тіркеу мәселесі бойынша Қазақстан Республикасында КО ТР 018/2011 сәйкес М және N санаттарындағы менгерік басқару оң жақта орналасқан көлік құралдарын айналымға шығаруға тыйым салынатынын атап өткен жөн, ал "Жол жүрісі туралы" Қазақстан Республикасы Заңында Жолдарда жүруге және олармен адамдарды немесе жүктерді тасымалдауға арналған, жүргізу органдары оң жақта орналасқан көлік құралдарын бастапқы тіркеуге тыйым салынады.

Приозерск қаласының ІС,М ж ТДБ

## К СВЕДЕНИЮ ЖИТЕЛЕЙ ГОРОДА

## ПРАВИЛА ПОЖАРНОЙ БЕЗОПАСНОСТИ В БЫТУ

**Часто можно услышать, что пожар – это случайность, от которой никто не застрахован. Но это не так. В большинстве случаев, пожар – результат беспечности и небрежного отношения людей к соблюдению правил пожарной безопасности.**

Основные причины пожаров в быту – это, прежде всего, неосторожное обращение с огнем (в том числе, при курении), неисправность электрооборудования, нарушение правил пожарной безопасности при эксплуатации печей и бытовых электронагревательных приборов.

Самое страшное при пожаре – растерянность и паника. Уходят драгоценные минуты, когда огонь и дым оставляют все меньше шансов выбраться в безопасное место. Вот почему каждый должен знать, что необходимо делать при возникновении пожара.

Требованиями пожарной безопасности установлены элементарные правила эксплуатации электротехнических и теплогенерирующих устройств, соблюдение которых позволит максимально снизить риск возникновения пожара.

**Действия в случае возникновения пожара**

При возникновении пожара немедленно сообщите об этом в пожарную службу по телефону **101** или **5-20-48**. Сообщая дежурному о пожаре, необходимо указать следующие сведения:

- кратко и четко описать, что горит. Назвать точный адрес и сообщить, есть ли угроза жизни людей, животных, а также соседним зданиям и строениям.

- Если у Вас нет доступа к телефону и нет возможности покинуть помещение, откройте окно и криками привлечите внимание прохожих.

- Старайтесь оповестить о пожаре как можно большее число людей.

- Если есть возможность, примите меры по спасению людей, животных, материаль-

ных ценностей. Делать это нужно быстро и спокойно. В первую очередь спасают детей, помня при этом, что, испугавшись, они чаще всего прячутся под кровать, под стол, шкаф и т.д.

Дым при пожаре может быть не менее опасен, чем пламя: большинство людей погибает не от огня, а от удушья. Из задымленного помещения выходите, пригнувшись, стремясь держать голову ближе к полу (т.к. дым легче воздуха, он поднимается вверх, и внизу его гораздо меньше). Передвигаясь в сильно задымленном помещении, придерживайтесь стен. Также можно ориентироваться по расположению окон и дверей. При эвакуации через зону задымления дышите через мокрую ткань.

После спасения людей можно приступить к тушению пожара имеющимися средствами пожаротушения (огнетушители), в том числе подручными (одеяло, вода, песок и т.д.), и эвакуации имущества.

Категорически запрещается бороться с пламенем самостоятельно, не вызвав предварительно пожарных, если только вы не справились с загоранием на ранней стадии.

В случае невозможности потушить пожар собственными силами – примите меры по ограничению распространения пожара на соседние помещения, здания и сооружения, горючие вещества. С этой целью двери горящих помещений закрывают для предотвращения доступа кислорода в зону горения.

По прибытии пожарной техники необходимо встретить ее и указать место пожара.

Соблюдение мер пожарной безопасности – это залог вашего благополучия, сохранности вашей жизни и жизни ваших близких!

**Пожар легче предупредить, чем потушить!**

Отдел по ЧС города Приозерск  
ДЧС Карагандинской области

**БАНКИ ОБРАТИЛИСЬ К КАЗАХСТАНЦАМ**

**11 казахстанских банков опубликовали совместное обращение к гражданам из-за атак мошенников, передает Tengrinews.kz.**

В своем обращении Kaspi.kz, Сбербанк, Halyk Bank, Нурбанк, ВТБ Казахстан, ForteBank, Jysan Bank, AltynBank, Банк Хоум Кредит, Евразийский банк и Альфа-Банк Казахстан рассказывают о схемах мошенничества и просят клиентов быть бдительными.

Так, отмечается, что мошенники звонят и представляются сотрудниками банков.

"Они сообщают о подозрительной операции и выведывают данные для перевода денег со счета клиента. Например, просят сменить пароль в личном кабинете, сообщить новый пароль и секретный код из SMS-сообщений. Используя эти данные, мошенники переводят деньги со счета клиента или даже берут на его имя денежные кредиты.

**Что делать, если вам позвонил мошенник?**

Не разговаривайте с мошенником. Положите трубку. Проверьте сохранность денег на счете. Если есть вопросы, звоните в кол-центр банка.

**Никому не говорите:**

Пароль от своего личного кабинета в мобильном приложении или интернет-банкинге.

Реквизиты карты: номер, срок действия, CVV/CVC-код (трехзначный код на обратной стороне карты).

SMS-код для подтверждения совершаемой операции: платежа, перевода и т. д.

Эту информацию нельзя говорить, даже если человек представляется сотрудником банка и звонит с номера, похожего на номер банка. Настоящие сотрудники никогда об этом не спрашивают. Так делают только мошенники.

**Не устанавливайте:**

Любые мобильные приложения, если об этом вас просят незнакомые люди.

**Не переходите по ссылкам,** даже если сообщение пришло от имени известного банка или компании. Нажав на ссылку, вы можете запустить вредоносный компьютерный вирус, который поможет мошенникам украсть ваши деньги с банковских счетов.

**Не заполняйте:**

Анкеты с личными данными. Если вы прошли по ссылке, никогда не заполняйте анкеты, не участвуйте в опросах, не оставляйте информацию о себе. Чтобы узнать о настоящих акциях и розыгрышах, читайте информацию на официальных сайтах банков или страницах в соцсетях."

В своем обращении казахстанские банки отмечают, что мошенники стараются испугать человека, заставить его отдать деньги быстро, не дают возможности подумать, сориентироваться в ситуации.

"Не дайте себя запугать, будьте бдительны! Только вместе мы можем противостоять действиям злоумышленников.

По материалам сайта  
<https://tengrinews.kz>

**Собственник: ИП Струментов А.В.**  
Газета «Приозерский вестник» зарегистрирована в Министерстве связи и информации Республики Казахстан 15.03.2004 г. №4843-Г. Свидетельство о переучете ППИ № 17414-Г от 24.12.2018 г.  
**Адрес редакции:** 101100 г.Приозерск, ул.Космонавтов, д.5, 106-107  
**Справки по тел.** +7-705-981-86-79 (Гл. редактор), +7-702-604-02-60 (тех. редактор)  
**E-mail:** prz\_westnik@mail.ru **Веб-сайт:** www.prz\_westnik.kz  
Газета отпечатана в ТОО «Арко» г. Караганда, ул.Сагпаева 15, Заказ № 09/705. Тираж: 500 экз., объем-1 п.л., формат - А2, 4 стр.

**Главный редактор: Кенжебеков Б.А.**  
**Технический редактор: Струментов А.В.**  
**Для подачи частных объявлений и рекламы обращаться по тел: +7-705-466-60-63**  
**Корреспонденция принимается на электронный адрес:** prz\_westnik@mail.ru

Газета распространяется в местах продажи газет и журналов (киоски печати, магазины, рынки), в редакции и частными распространителями в г.Приозерске и г.Караганда, а также по подписке во всех городах и районах области.  
**Подписной индекс - 65041**

*Письма, рукописи, фотографии и рисунки не рецензируются и не возвращаются. Ответственность за точность приведенных фактов, статистических данных, собственных имен, географических названий и других данных несут авторы публикаций. Редакция не несет ответственности за содержание рекламных объявлений. Мнение авторов может не совпадать с мнением редакции. Перепечатка материалов без согласия редакции запрещена.*